

Тақырыбы:Наурыз-жыл басы

Мақсат-міндеті:

Балаларға наурыз мерекесін сезіндіру.Наурыз туралы түсініктерін кеңейтіп, халқымыздың салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, ұлттық құндылығымызды насихаттау. Балаларға ұлттық тәрбие беріп,мерекелік көңіл-күй сыйлау.

Ұлыстың Ұлы күнін зор мақтанышпен қарсы алып, құрметтей білуге тәрбиелеу.

Жүргізуші:

Салт-дәстүрмен жараса, қайта құрып тамаша!

Жарыса өнер көрсетіп,Той тойлайық тамаша!

Ұлыс тойы басталды, Наурыз тойын көтеріп!

Жарсалайық әлемге!

Көрмегендер көріңдер, естімеген естіңдер!

Дабылын оның қағайық!

Жиналыңдар алаңға,кешігіп одан қалмаңдар!

Шақырамыз бәріңді Ұлыстың ұлы күніне!

Тәрбиеші:

-Уа, халайық!

-Жер әлемді жайнатып, Ұлыстың Ұлы күні келді!

-Наурыз- жаңа күн, жыл басы! Ұлыстың ұлы күнін халқымыз жақсы тілек, зор қуанышпен қарсы алған!

Олай болса «Қарлығаш» ересек тобы балаларының сіздерге арналған Наурыз жыл басы атты ертеңгілігімізге хош келдіңіздер

Бәрі бірге:

-Наурыз мерекесі құтты болсын!

-Ақ мол болсын!

Көрініс:Алдар көсе, Тазша бала,Қожанасыр

Әуен ойналып тұрады.Ортаға Алдар көсе,Қожанасыр,Тазша бала шығады.

Алдар:

-Уа, халайық!Тойға келіңдер, тойға!

Қожанасыр:Нұрлы Наурыз тойына келіңдер!

Тазша бала:

-Уа, балалар! Жылқы жылының айтулы тойы,Қарлығаш тобының мерекесіне келіңдер.

Алдар көсе:

-Әй,ағайын,ағайын!

Той деп жар салайын

Наурыз тойға келіңдер

Менде бірге барайын!

Қожанасыр:

-Ағайын тойға келіңдер,

Мерекені көріңдер.

Жылқы жылы келді еліме,

Той көрімдік беріңдер!

Тазша бала:

-Алдар аға бүгінгі тойға сықиып киініп келіпсізғой.Әйгілі жыртық шапаныңыз қайда?

Қожанасыр

-Тотыша тақылдаған мұның кім?

Алдар көсе:

-Қожеке, танымадыңызба? Бұл Тазша бала ғой.

Қожанасыр

-Тазша баламысың, ей. Келші бауырым, құшағыма қысайын. Екеуі құшақтасып Наурыз мерекесімен құттықтайды. Наурыз құтты болсын! Жылқы жылы елімізге бақ-береке әкелсін!

Хор: «Қош келдің, Әз Наурыз!»

Тәрбиеші:

-Ал балалар, тұрмайық,
Наурыз тойын тойлайық
Ұлыс күні-ұлы тойда
Жырдан шашу шашайық!

Тақпақтар:

Арсен:

Наурыз келді, балалар,
Көктеді жыр жағалар
Наурыз тойын тойлайық
Жаңа жылда балалар.

Айғаным:

Көктем келді балалар
Жасарды жер алақай!
Наурыз тойын тойлайық
Әсем әнге салайық

Расул:

Наурыз тойын тойлаймыз
Қызығына тоймаймыз
Өлең айтып, би билеп
Жаңа жылды тойлаймыз

Медина:

Арпа, бидай бастаған
Жеті дәннен жасалған
Наурыз көже ежелден
Бұл тойдағы бас тағам

Нұрперзент:

Жыл басы-Наурыз мереке!
Ақ нұрға әлем боянды
Наурыз тойы-береке!

Тіршілік жана оянды!

Айару:

Ата-бабам тойлаған

Наурызым армысың!

Қызыққа еш тоймаған

Құтты болсын Наурызым!

Тоғжан:

Наурыз келді, күн шықты

Жер беті нұрға толыпты

Қазына:

Наурыз-мереке,мереке

Шаттық толы береке.

Аңсар:

Наурыз тойы керемет

Бәрімізге берекет

Айкөркем:

Жылдың басы Наурыз,

Жердің басы Наурыз.

Мерекеге арналсын

Бүгінгі жыр- әніміз.

Ахмад:

Наурыз келді жеріме

Наурыз келді еліме

Байлық, бақыт, тілеймін

Бүкіл қазақ еліне

Асылым:

Жылдың басы Наурыз!

Жердің басы-Наурыз!

Мерекеге арналсын

Бүгінгі жыр-әніміз

Сафия:

Елім менен жеріме,

Ырысын шашқан Наурыз!

Күлімдеген көктемге

Шуағын шашқан Наурыз!

Мансур:

Наурыз - бұл мереке

Құтты болсын береке

Қыдыр ата келсін

Жақсы тілек әкелсін

Тәрбиеші:

Халқымыздың ұлттық өнерінің тағы бір керемет түрі бұл айтыс.

Халқымыздың ежелден келе жатқан бұл төл өнері бүгінгі ұрпақ бойында да өз жалғасын табуда. Осындай тамаша өнерді жалғастыру өз парызымыз деп түсінген кішкентай айтыскерлерімізді қошеметтеп қарсы алайық.

Ахмад

Халықтық мейрам тойында

Кім айтысар менімен

Айтыс айтыс болады

Айтысқанда теңімен

Расул

Айтыс айтыс болады,

Шықса ақын теңімен

Шешен болсаң көрейін

Айтысып көр менімен

Ахмад

Бес нәрседен қашық бол

Бес нәрсеге асық бол

Қосалдыңба мән беріп

Қанша болды санап көр

Расул

Бірге төрт бес болады

Оны бәрі білетін

Сен дейсіңбе саусағын

Санай алмай жүретін

Айсұлтан

Айсұлтан ұлың мен болам

Әке шешем мақтаған

Жарыс десе жайнаймын

Намысымды қорғаймын

Білім ғылым өнерге

Қанат қағар кезім ғой

Ата салтын ертеңге

Жеткізетін өзім ғой

Көріп тұрсың сұлуым

Жігіт деген атым бар

Болашақта халқыма

Бастық болу арманым

Айару

Өнердің ашып есігін

Шешендік сөзбен кесілдім

Таныстырсам өзімді

Айару менің есімім

Әнде айта аламын

Биде билей аламын

Өзім бала болсамда
Таудай үлкен талабым
Еркем еркем еркем ай
Еркелеген еркем ай
Бүгін болған мереке
Болсын тағы ертең ай

Би: Кесе биі (Айғаным, Асылым, Әмина, Айкөркем, Қазына, Сафия)

Тәрбиеші: Қарты бар үйдің қазынасы бар демекші бір топ қыздардың орындауында
«**Әжемнің шайы**» өлеңін қабыл алыңыздар.

Би: Бәйге (бір топ ұлдар)

Наурыз тойы құтты болсын халайық!

Баршаңызға шаттық тілеп!

Әсем әнге салайық!

Ән: Қасиетті мерекем (Қыздар)

Әндетіп Алдар келеді. Ән айтып жатқан балалардың дауысын естіп келдім. Бұл жерде мереке болып жатырма?

Тәрбиеші: Иә, Алдар көңіл-күйің жақсы екен, амансыңба?

Алдар: Амансыздарма! Наурыз мейрамы құтты болсын.

Тәрбиеші: Ендеше ұлыстың ұлы күнін бізбен бірге қарсы ал, Наурыз мейрамы құтты болсын

Алдар: Рақмет! Мен сендерге құр қол келген жоқпын. Ұлттық ойындардың бірі арқан тарту ойынын ала келдім.

Ойын: Күш сынасу

Тәрбиеші: Рақмет Алдар

Би: Текемет биі (Айару, Медина, Тоғжан, Инабат)

Салт-дәстүр: «Тұсау кесер»

Қаз-қаз балам, қаз балам,

Қадам бассаң болам.

Тағы, тағы баса ғой.

Тақымыңды жаз, балам.

Қаз баса ғой, қарағым,

Құтты болсын қадамың!

Алдар көсе Наурызға бата беру

Ұлыс оң болсын!

Ақ мол болсын!

Ұлыс бақты болсын!

Төрт-түлік ақты болсын.

Әумин!